

potentsiala-materialov-smi-v-obuchenii-inostrannomu-yazyku-v-neyazykovom-vuze/viewer (дата обращения: 07.10.2023).

11 Коптелова И. Е., Нечаева Е. И. Использование ресурсов СМИ в Интернете при обучении английскому языку, Мир педагогики и психологии, (2017). URL: <https://scipress.ru/pedagogy/articles/ispolzovanie-resursov-smi-v-internete-pri-obuchenii-anglijskomu-yazyku.html> (дата обращения: 07.10.2023).

12. *Bagais N. W.* The Effects of Contextual Clues on Incidental Vocabulary Learning, *Journal of Applied Linguistics and Language Research*, Volume 10, Issue 3, (2023). URL: <https://www.jallr.com> (дата обращения: 07.10.2023).

13 Meet the people who took an evening class... and changed their life. URL: <https://www.theguardian.com/education/2023/jan/08/meet-the-people-who-took-an-evening-class-and-changed-their-life> (дата обращения: 07.10.2023).

Материал поступил в редакцию журнала 08.10.2023

MFTAP 14.01.45

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss4pp179-190](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss4pp179-190)

А. К. Курманова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ ҚАТЫСЫМДЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мақалада қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолданудың нақты тәжірибесі сипатталып, қол жеткізген нәтижелерге талдау жасалды. Мақаланың мақсаты мен міндеттеріне орай зерттеу тақырыбына қатысты авторлардың көзқарастары мен пікірлеріне шолу жасалды. Сонымен қоса теорияға негізделген ғылыми еңбектер зерделенді. Бұл тақырып қазіргі өзекті мәселенің бірі – қатысымдық бағдарлы оқытумен тығыз байланыста қаралды. Қатысымдық жаттығулар тілді шынайы өмірде қолдануға бейімдейді. Яғни, тіл үйренушінің тілдік тәжірибесін қалыптастыруда маңызды болып табылатын тілді қолдану дағдысын қалыптастыруға және оны дамытуға негіз болады. Осыларды анықтау мақсатында мақалада сауалнама, бақылау, тестілеу әдістері қолданылды. Сауалнама әдісі арқылы білім алушылардың ынтымағы, қазақ тілін қолданудағы сенімділік деңгейі және қатысымдық жаттығуларды қабылдауы бағаланды. Бақылау әдісі арқылы білім алушылардың оқу үдерісіне қатысуы және қатысымдық жаттығуларды орындау барысы зерделенді. Тестілеу әдісі арқылы білім алушылардың қазақ тілінде жазу және сөйлеудегі қатысымдық құзыреттілік деңгейі анықталды. Оқу материалдары ретінде білім алушылардың қазақ тіліндегі қатысымдық дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы мәтіндер, аудио және бейнематериалдар, жаттығулар мен тапсырмалар алынды. Нәтижесінде білім алушылардың қазақ тілінде қатысымдық дағдыларын дамыту, қатысымдық жаттығуларды қабылдауды бағалау, қатысымдық жаттығуларды қолданудың тиімділігі расталды. Қатысымдық жаттығуларды қолдану білім алушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуға, тіл үйренуге деген ынтымағын, қызығушылығын арттыруға ықпал ететінін зерттеу жұмысының нәтижесі көрсетті.

Кілт сөздер: қатысымдық жаттығулар, қатысымдық бағдарлы оқыту, қатысымдық құзыреттілік, қатысымдық дағдылар, қатысымдық жағдаят.

1) Қатысымдық дағдыларды дамыту: қатысымдық жаттығулар білім алушылардың өзара белсенді әрекетіне және олардың қазақ тілінде қатысымдық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

2) Шынайы жағдаяттарды құру: қатысымдық жаттығуларды қолдану шынайы өмірлік жағдаяттарды құру арқылы өмірде қолдануға болатын тілдік бірліктерді меңгеруге мүмкіндік береді.

3) Қатысымдық құзыреттілікті дамыту: қатысымдық жаттығулар білім алушылардың қазақ тілінде сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу сияқты қатысымдық құзыреттілігінің барлық аспектілерін дамытады.

4) Ынта және сенімділікті арттыру: қатысымдық жаттығуларды тиімді пайдалану білім алушылардың қазақ тілін қолдануға деген ынтасын және сенімділігін арттырады.

5) Мәдениетаралық қарым-қатынасты дамыту: қатысымдық жаттығуларды қолдану білім алушыларға ана тілінде сөйлейтіндермен немесе әртүрлі мәдени контекстегі білім алушылармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Бұл негізгі ережелер қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесі, тиімді оқу бағдарламалары мен практикалық жаттығуларды әзірлеуге негіз бола алады.

КІРІСПЕ

Жаһандану үдерісі мен қарым-қатынастағы көптілділікпен сипатталатын қазіргі қоғам тіл үйренудің тиімді әдістерінің маңыздылығын арттыруда. Қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесі ерекше маңызға ие. Себебі аталған тақырып әртүрлі ортада табысты мәдениетаралық қарым-қатынас пен өзара түсіністікке ықпал ететін сапалы білім беру қажеттілігімен байланысты. Мәселенің маңыздылығы – тек мәдениетаралық қарым-қатынас қана емес, сонымен бірге мәдени мұра мен тілдік сәйкестікті сақтау. Осы тұрғыдан келгенде, *мақаланың мақсаты* – білім алушылардың қатысымдық дағдыларын, ынтасын, қызығушылығын дамыту үшін қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану жайлы ғылыми пікірлерге талдау жасай келе, тиімділігін тәжірибе негізінде дәлелдеу. Оны жүзеге асыру үшін төмендегідей *міндеттер қойылды*: қатысымдық жаттығуларды қолдануға байланысты зерттеушілердің пікірлеріне талдау жасау; осы теорияның негізін қалыптастырған әдіскер-ғалымдар Е.И. Пассов, Б.Л. Скалкин, Э.Ю.Сосенко, Т.А. Рамсина, М.А. Полидва, Н.И. Гез, З.С. Кузеева, Ш. Қапантайқызының іргелі ғылыми еңбектерін зерделеу; қазақ тілі сабағында қатысымдық жаттығуларды қолдану арқылы білім алушылардың қатысымдық дағдыларын дамыту жолдарын қарастыру; білім алушылардың қатысымдық жаттығуларды қабылдауын бағалау және пікірлерін саралау; қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолданудың тиімділігін анықтау; білім алушылардың қазақ тілінде жазу және сөйлеудегі қатысымдық құзыреттілік деңгейін бағалау; қазақ тілі сабақтарында қатысымдық жаттығуларды қолдануды жақсарту бойынша ұсыныстар беру.

Қатысымдық дағдылар – кез келген тілді, соның ішінде қазақ тілін үйренудің маңызды аспектісі. Қатысымдық дағдыларды меңгеру қазақ тілінде сөйлеуге ғана емес, сонымен қатар тиімді қарым-қатынас жасауға, әңгімелесушіні түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, меңгерілген қатысымдық дағдылар емтихан тапсыруға, жұмыс іздеуге, саяхатқа шығуға және өмірдің басқа да салаларында тілді қолдануға көмектеседі. Осы орайда, қазақ тілі сабағында қатысымдық жаттығуларды қолдану білім алушылардың қатысымдық дағдыларын дамытып, білім сапасын арттырудың тиімді жолы бола алады. Зерттеу тақырыбы жоғары танымдық мәнге ие, себебі қазақ тілін табысты меңгеру білім алушылар үшін негізгі фактор ретінде танылады. Қатысымдық жаттығуларға негізделген қазақ тілін оқытудың тиімді әдістемесін әзірлеу білім беру мен лингвистикалық практика үшін маңызды. Сондықтан бұның маңыздылығы, шынайы және мағыналы тапсырмалардың түрлері мен ролі, оны жүзеге асыратын әдіс-тәсілдері, ұстанымдары бірнеше зерттеу еңбектеріміздің нысаны болды [1, 93;

2, 233]. Зерттеу барысында қазақ тілін қатысымдық бағдарлы оқытумен қоса, сол тілде қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру, ұсынылған тақырып аясында қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға қажетті дағдыларды игерту көзделді. Бұл тақырыптың зерттелуі қатысымдық жаттығулардың дамуына үлес қосқан К. Роджерс, Д. Гибб, Т. Гордон, П. Вацлавик сынды зерттеушілердің еңбектерінен бастау алып, Е.И. Пассов, Б.Л. Скалкин, Э.Ю. Сосенко, Т.А. Рамсина, М.А.Полидва, Н.И. Гез, З.С. Кузекова, Ш. Қапантайқызы, Т.Т.Аяпова, А. Исабаев, А.Кузембаева, Б. Мешінбаевалардың еңбектерімен жалғасын тапты. Американдық психолог К. Роджерс терапевтік үдерісте қарым-қатынастың маңыздылығын көрсететін клиентке бағытталған терапия деп аталатын әдісін жасады. К. Роджерстің жұмысы басқа психологтар мен тәрбиешілерді қатысымдық жаттығуларды жасауға шабыттандырды, содан бері бұл жаттығулар әртүрлі жағдайларда қолданылады. К. Роджерс адамдарға көмектесудің ең тиімді жолы – олар өздерін еркін сезінетін қауіпсіз және қолайлы ортаны құру деп есептеді [3, 48-58]. Д.Лифт пен Х. Инхам – «Джохари терезесі» деп аталатын қарым-қатынас моделін жасады. Оның жұмысы бірқатар қатысымдық жаттығуларды дайындауға, соның ішінде «Джохари терезесі» жаттығуын жасау үшін пайдаланылды [4]. Онда қатысушылар өздерінің Джохари терезесінің схемасын толтырады, басқалармен бөлісіп, кері байланыс алады. Бұл жаттығу қатысушыларға өзін-өзі тануды арттыруға және қарым-қатынас дағдыларын жақсартуға көмектеседі. Т. Гордонның тиімді қарым-қатынас құру және қолдау жүйесі «Гордон моделі» немесе «Гордон әдісі» деп аталды [5]. Гордон моделі – қарым-қатынас пен жанжалдарды шешу дағдыларын жетілдіргісі келетіндер үшін құнды құрал. Миллер мен Вацлавик «өзгеріс тілінде» қолданылатын бірқатар қатысымдық жаттығуларды, соның ішінде «өзгеріс туралы хабарлама» жаттығуын жасады. Ол жаттығуда коммуникатор өзгерткісі келетін мінез-құлықты және қажетті нәтижені анықтайды. Содан кейін олар қажетті нәтижеге қол жеткізуге дайын нақты қадамдарды сипаттайды [6]. Бұлардың бәрінде қатысымдық жаттығулардың психологиялық негізі сөз болды. Ал Е.И.Пассов, Б.Л. Скалкин, Э.Ю.Сосенко, Т.А. Рамсина, М.А. Полидва, Н.И. Гез, З.С. Кузекова, Ш. Қапантайқызы, Т.Т.Аяпова, А. Кузембаева, Б. Мешінбаевалардың еңбектерінде қатысымдық жаттығулардың әдістемелік негіздері қарастырылды. Е.И. Пассов қатысымдық жаттығуларды грамматикалық формаларды меңгеру тұрғысынан қарастырды [7, 5]. Б.Л. Скалкин сөйлеуді дамыту бағыты бойынша зерттеді [8, 17]. Т.А. Рамсина, М.А. Полидва растауды, толықтыруды, нақтылауды, теріске шығаруды білдіретін жауап үнқатымдарын енгізу тұрғысынан қарады [9, 3]. Н.И. Гез тіл үйренушінің қатысымдық құзыреттілігін дамыту үшін қатысымдық жаттығулар тілдік және сөйлеу жаттығуларынан құрастырылуы керек деген пікір айтты [10, 29-40]. З.С.Кузекова сөйлеу жаттығулары қатысымдық (әрбір сөйлем табиғи болуы тиіс, өмірмен байланысты, ақпаратты болуы керек) және шығармашылық (оқушы сөйлеу міндетін өз бетінше шеше алуға, өз бастамасын көрсете алуы керек) тұрғыда жазылуы керек десе [11], Ш.К.Курманбаева қатысымдық бағыт әуел баста тілді жеделдете оқытудың негізгі әдісі ретінде қалыптасты дейді [12, 226]. Навий Л. және т.б. ғалымдар қатысымдық жаттығулар білім алушыларға тілдік іс-әрекетті үйренуге және нақты жағдайларда тілді қолдануда қарым-қатынастың тікелей әдісін жүзеге асыру және тапсырманы орындау үдерісі ерекше назар аударуға лайық, бұл өз кезегінде білім алушылардың сөйлеуге деген жаңа ынталандырулары мен қызығушылықтарын қалыптастырады десе [13, 437-442], С.А.Мурзина және т.б. барлық жаттығулар білім алушылардың қазақша тілін дамытуға бағытталуы тиіс әрі нақты өмірге жақын сөйлеу жағдайына жобалануы керек екендігін айтады [14, 409-420]. Ү.Үазісі, Р. Наута тілдік жағдай нақты өмірлік тәжірибе мен материалға немесе тіпті үлгілі мәтінге негізделуі керек деген болатын [15, 17-33]. Әрине бұл орынды. Себебі түрлі қатысымдық жағдай қазақ тілінде сөйлеуге үйренудің негізін құрайды. Жоғарыдағы еңбектерде қатысымдық дағдыларды жақсарту үшін қолданылатын көптеген теориялық негіздер мен практикалық жаттығулар берілген. Олардың жұмысы қарым-қатынас саласына айтарлықтай әсер етті және тәжірибеде қолданылуда. Алайда, қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығулардың нақты қолданылуына қатысты зерттеулерді салыстырмалы түрде алатын болсақ, әлі де жеткіліксіз деңгейде.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу мәселелерін шешуге ықпал ететін әртүрлі материалдар мен әдістер пайдаланылды. Атап айтсақ, оқу материалдары ретінде білім алушылардың қазақ тіліндегі қатысымдық дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы мәтіндер, аудио және бейнематериалдар, жаттығулар мен тапсырмалар қолданылды. Қатысымдық дағдыларды жетілдіру және қатысымдық жаттығуларды тиімді пайдалану үшін «Қазақстан бойынша саяхат», «Бизнес дағдыларын дамыту», «Қазақ мәдениеті мен дәстүрлері», «Өзекті жаңалықтар», «Қазақстанның әдеби жауһарлары» тақырыптары таңдалды. Бұлар практикалық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға негіз болды. Зерттеу әдістеріне келер болсақ, деректерді жинау, сауалнама, бақылау, тестілеу, нәтижелерді талдау сынды әдістер басшылыққа алынды. Сауалнама әдісі арқылы білім алушылардың ынтасын, қазақ тілін қолданудағы сенімділік деңгейін және қатысымдық жаттығуларды қабылдауды бағалау мақсат етілді. Бақылау әдісі арқылы білім алушылардың оқу үдерісіне қатысуы және қатысымдық жаттығуларды орындау барысы талданды. Тестілеу әдісі арқылы білім алушылардың қазақ тілінде жазу және сөйлеудегі қатысымдық құзыреттілік деңгейін анықтау мақсаты жүзеге асты.

НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеу бірнеше кезеңде жүргізілді. Өзірленген әдістемеге сәйкес қатысымдық жаттығулар орындалды. Оқытушы тарапынан қажетті қолдау, кері байланыс беру және жіберген қателіктерді түзету қамтамасыз етілді. Зерттеудің соңында қатысымдық жаттығулар әдістемесінің тиімділігін бағалау үшін қайта тестілеу жүргізілді және нәтижелер талданды. Алынған нәтижелер білім алушылардың қатысымдық дағдыларын дамытудың бастапқы деңгейімен салыстырылды, бұл ілгерілеу мен жетістіктер көрсеткішін саралауға жағдай туғызды. «Қазақстан бойынша саяхат», «Қазақ мәдениеті мен дәстүрлері» тақырыптары аясында қатысымдық жаттығулардың рөлі қарастырылды. Онда Қазақстанның мәдениетімен, көрікті жерлерімен танысу арқылы білім алушылардың қазақ тілінде қатысымдық дағдыларын дамыту мақсат етілді. Арнайы дайындалған оқу материалы білім алушылардың сөздік қорын молайтуға, тыңдап түсінуді жақсартуға, қазақ тілінде оқу және сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етті. Білім алушылар Қазақстанның әртүрлі көрікті жерлерді сипаттап, талқылау арқылы Қазақстанның тарихы мен мәдениетін, дәстүрін зерттей алды. Зерттеу барысында қатысушыларға сауалнама ұсынылды. Сауалнама білім алушылардың қазақ тілін үйренуге деген ынтасын, тілді қолдануға деген сенімділік деңгейін және қатысымдық жаттығуларды қатысымдық дағдыларды дамыту құралы ретінде қабылдауын бағалауға мүмкіндік берді. Сауалнама нәтижелері арқылы қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығулардың маңыздылығы мен тиімділігі туралы ақпарат алынды. Алынған нәтижелерді оқу үдерісін жақсарту бойынша шешімдер қабылдау үшін пайдалануға болады. Сауалнама нәтижелері мұғалімдерге әдістер мен жаттығуларды бейімдеуге және жетілдіруге көмектеседі, сонымен қатар білім алушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуға қолайлы білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар 9 білім алушының қатысымдық жаттығуларды орындау барысы зерделенді. Онда қазақ тілінде сөйлеу және түсіну дағдыларын дамытуға бағытталған жаттығулардың әртүрлі түрлері қолданылды. Бастапқыда білім алушыларға таныстыру және сәлемдесу үшін өрнектерді пайдаланып жұптық диалогтар жүргізу ұсынылды. Білім алушылар өздері туралы ақпарат алмасып, бір-біріне сұрақтар қойды. Білім алушыларға мейрамханадағы көріністі қазақ тілінде көрсету керек болатын рөлдік тапсырманы орындау ұсынылды. Ойын барысында білім алушылар тілдік құрылымдар мен сөз тіркестерін нақты жағдаят жағдайында қолдана білу қабілеттерін көрсетті. Олар ас мәзірі туралы сұрақтар қойып, тағамдарға тапсырыс беріп, қалауларын талқылады. Алайда, кейбір шектеулер байқалды. Мысалы, кейбір білім алушылар қарым-қатынаста белсенділік пен бастамашылдық танытса, басқалары пассивті болғанды қалайтыны байқалды. Бақылау қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолданудың тиімділігін анықтады. Диалогтар,

рөлдік ойындар және басқа да қатысымдық әрекеттер арқылы қарқынды тәжірибеден өткен білім алушылар тілді нақты жағдайда қолдануға дайындығы мен қабілетін көрсетті. Жалпы, бақылау қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолданудың маңыздылығын растады. Бұл білім алушылардың қазақ тілінде сөйлеу, түсіну, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, сонымен қатар тілді қолдануға деген сенімділігін арттыруға жетеледі. Дегенмен, оқытудың сараланған тәсілін қамтамасыз ету және әрбір білім алушының оңтайлы нәтижеге жетуіне көмектесу үшін білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен деңгейлеріне назар аудару қажет екендігі байқалды. Бұл оқыту әдістемесін жетілдіріп, білім алушылардың қазақ тілінде қатысымдық дағдыларын дамытуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болатындығын көрсетті. Тест арқылы білім алушылардың қатысымдық жаттығулар әдістемесін қолданар алдындағы және одан кейінгі қатысымдық дағдыларының даму деңгейі бағаланды. Бұл тәжірибелік тест қазақ тілінде тыңдап түсіну, оқу, сөйлеу және жазу сияқты қатысымдық дағдыларының әртүрлі аспектілерінің даму деңгейін бағалауға мүмкіндік берді. Тест нәтижелері білім алушылардың тілді қолданудағы күшті және әлсіз жақтарын анықтауға және олардың әрі қарай оқуға деген қажеттіліктерін анықтауға көмектесті. Нәтижелерді талдау әдісі арқылы жиналған деректер бойынша статистикалық талдау жасалды. Талдау нәтижелері төмендегідей:



Диаграмма –1. Ынтаны, сенімділікті және қатысымдық жаттығуларды қабылдауды бағалау сауалнамасының нәтижесі

Сауалнаманың нәтижесі білім алушыларға қатысымдық жаттығулармен жұмыс жасаудың ұнағанын көрсетті. Алайда, әлі де болса сенімсіздіктің бары да анықталды.




Диаграмма – 2. Білім алушыларға ұнаған қатысымдық жаттығу түрлері

Бұл жерде мәтінді оқу мен талқылау, аудио материалдарды тыңдау және талдау, ауызша диалогтардың қолданудың деңгейі жоғары, ал презентация жасау және баяндау төменгі көрсеткішті құрады. Бұл бағыт бойынша жұмысты арттыру керек деген тұжырым жасалды.

Келесі кезекте сауалнамаға қатысушыларға қатысымдық жаттығулардың қандай да бір аспектілерін өзгерткіңіз немесе жақсартқыңыз келеді, қайсысын өзгертер едіңіз, өз идеяларыңызды ұсыныңыз деген сауал қойылды. Оған қатысушылар әртүрлі жауап берді. Басым көпшілігі «бәрімен келісемін, ештеңе өзгертпеймін, мен үшін бәрі ыңғайлы, барлығы да ұтымды, ұсынысым жоқ» деген пікірлермен шектелді. Дегенмен кейбірі «рөлдік ойынның ішіне пікірталасты да, тыңдалымды да біріктіруге болады; оқушы мен оқытушы арасындағы үйретілген тапсырмаларды практика жүзінде жүзеге асыруға бағытталған қадамдардың көбейуін ұсынар едім; аудио арқылы тыңдап, ақпаратты қабылдау маған сәл қиындық тудырады. Сол себепті аудио материалды видео негізінде жасау жақсырақ сияқты. Үйренуші тыңдап та, көріп те өзін жаттықтырады» деген өзіндік ой қорытындыларын жазды.

Ал қазақ тілінен білім алушылардың қатысымдық дағдыларының дамуын бағалауға арналған тест нәтижесіне келсек, ол 4 бөлікті қамтыды: сөйлеу тілін түсіну, сөйлеу, хат жазу, ынта мен сенімділікті бағалау (3, 4-диаграммалар).




Диаграмма – 3. Білім алушылардың сөйлеу тілін түсіну нәтижесі

Бұдан қатысымдық жаттығулар қатысымдық дағдылардың дамуына әсер ететіні, әсіресе қазақ тілін үйретуде диалогтардың көп қолданылатыны, сонымен қатар сөйлеу мен сөйлеуді түсіну дағдылары дамытылатынына көз жеткіздік.



Диаграмма – 4. Білім алушылардың ынта мен сенімділікті бағалау нәтижелері

Тест нәтижесі қатысымдық жаттығулардың тиімді екенін растады, қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесінің білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін дамытудағы әсерін анықтады. Осы саладағы алдыңғы зерттеулермен салыстыру арқылы зерттеудің бірегейлігі мен жаңалығы бағаланды. Осылайша, қолданылған материалдар мен әдістер арқылы зерттеудің дәйектілігі қамтамасыз етілді және зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге әсер етті. Әрі қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесін зерттеу бірқатар тұжырымдар жасауға, анықталған негізгі заңдылықтарды сипаттайтын зерттеудің негізгі жетістіктерін анықтауға мүмкіндік берді:

1) сөйлеу дағдыларын жетілдіру: қатысымдық жаттығулар әдістемесін қолданған білім алушылар қазақ тілінде ауызша сөйлеуді дамытуда айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізді.

2) тыңдау және түсіну дағдылары дамыту: қатысымдық жаттығуларға тартылған білім алушылар қазақ тілінде сөйлеуді тыңдау және түсіну қабілеттерін жақсартты.

3) ынта мен сенімділікті арттыру: қатысымдық жаттығулар білім алушылардың қазақ тілін үйренуге деген ынтасын арттыруға ықпал етті.

4) мәдениетаралық қарым-қатынасты дамыту: қатысымдық жаттығуларды қолдану білім алушыларға мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға жағдай туғызды.

Алынған нәтижелерді осы саладағы алдыңғы зерттеулермен салыстыру қатысымдық жаттығулардың қазақ тілін оқытуға оң әсері туралы алдыңғы тұжырымдарды растады. Зерттеу нәтижелері білім алушылардың қатысымдық дағдыларын дамытудағы қатысымдық әдістердің тиімділігін атап өткен басқа авторлардың жұмыстарымен үйлесімдік тапты. Бұл жүргізілген зерттеудің объективтілігі мен маңыздылығын растайды. Сонымен қатар, ұсынған аналитикалық және статистикалық материалдар қорытындыларды толық бағалауға және растауға мүмкіндік берді. Бұл зерттеу қазақ тілін оқытудың тиімді тәсілдерін түсінуге ықпал етеді және қазақ тілін үйрету әдістемесі саласындағы зерттеулерге үлес қосады.

ТАЛҚЫЛАУ

Осы зерттеу қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесін талдауға арналды. Білім алушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуда осы тәсілдің тиімділігі мен маңыздылығы қарастырылды. Жүргізілген зерттеу мен алынған нәтижелерді талдау негізінде келесі қорытындылар және ұсыныстар жасалды:

1) Зерттеу мақсатына сәйкес қатысымдық жаттығуларды қолдану білім алушылардың қазақ тіліндегі қатысымдық құзыреттілігін дамытуға ықпал ететінін көрсетті.

2) Нақты қатысымдық жағдаяттарға бағдарланған жаттығулар білім алушыларға тілдік дағдыларды практикалық контексте қолдануға септігін тигізді.

3) Олардың тілдік дағдылары мен қазақ тілін қолданудағы сенімділігін арттыруға ықпал етті.

Алынған нәтижелерді ескере отырып, қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесін практикалық қолдану, яғни оларды оқу бағдарламаларына қосу және сынып сабақтарында қолдану ұсынылады. Бұл білім алушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуға және қазақ тілін оқыту сапасын арттыруға көмектеседі. Болашақ зерттеулер бағыты шеңберінде қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығулардың тиімділігі туралы түсінігімізді тереңдету үшін неғұрлым ауқымды және ұзақ зерттеулер жүргізген жөн. Бұл қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесін және білім алушылардың жалпы тілдік ілгерілеу әсерін толық бағалауға негіз болды. Осылайша, зерттеу жұмысы қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолданудың маңыздылығын растайды. Алайда, әдістеменің тиімділігі мен қолданылуын тереңірек түсіну үшін осы саладағы зерттеулерді жалғастыру қажет. Бұл білім беру практикасын дамытуға және академиялық білім беру контекстінде де, қарым-қатынас пен мәдениетаралық өзара іс-қимылдың басқа да салаларында қазақ тілін оқыту сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесін зерттеу арқылы қазақ тілін үйренуде қатысымдық дағдылардың жақсаратыны анықталды. Зерттеу қажетті нәтижелерге қол жеткізуде қатысымдық жаттығулардың тиімді екенін көрсетті. Зерттеу нәтижелері зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келді. Зерттеу барысында қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолданудың түрлі әдістері талданды. Онда білім алушылардың белсенді өзара әрекеттесуі, шынайы қатысымдық жағдаяттарды құруы мен сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу дағдыларын дамытудың маңыздылығына назар аударылды. Сондай-ақ, шынайы материалдарды қолдану тіл практикасы мен мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал ететіні анықталды.

Қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесі бойынша мынадай негізгі тұжырымдар жасалды:

1) Қатысымдық жаттығулар қазақ тілін оқыту үдерісінде білім алушылардың белсенді өзара іс-қимылына ықпал етті. Олар білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін тиімді дамытуға ықпал ететін шынайы қатысымдық жағдаяттарды қамтыды.

2) Қатысымдық жаттығуларды қолдану қазақ тілінде сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу дағдыларын дамытты. Білім алушылардың тілдік дағдыларын нақты қатысымдық жағдаяттарды құруға және қолдануға практикалық мүмкіндік берді және келешекте тілді белсенді және толыққанды қолдануына көп септігін тигізеді.

3) Қатысымдық жаттығуларды тиімді пайдалану білім алушылардың ынтасын және қазақ тілін қолдануға деген сенімділігін арттырды. Ол тілді белсенді және мақсатты түрде үйренуге итермелейді.

4) Аудио және бейне жазбалар, нақты жағдайлардағы мәтіндер сияқты шынайы материалдарды қатысымдық жаттығуларға қосу білім алушыларға тілді нақты мысалдармен қолдануға мүмкіндік берді. Бұл оларды күнделікті өмірдегі нақты қарым-қатынас жағдайларына дайындайды.

5) Қатысымдық жаттығулар мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал етті. Бұл арқылы білім алушылардың ана тілінде сөйлейтіндермен немесе басқа тілді білім алушылармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болды, бұл олардың мәдени көкжиектерін кеңейтеді және әртүрлі адамдармен қарым-қатынас жасау қабілетін жақсартады.

Сондықтан осы зерттеудің нәтижелері қазақ тілін үйретумен айналысатын оқытушылар мен білім алушылар үшін өте пайдалы болады. Оны оқудың тиімділігін арттыру мен білім алушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін қолдануға болады. Алайда, бұл зерттеудің кейбір шектеулері бар екенін де атап өткен жөн. Мысалы, неғұрлым жалпыланған нәтижелерге қол жеткізу үшін кеңірек үлгіде және әртүрлі білім беру орталарында қосымша зерттеулер жүргізу қажет. Сондай-ақ, қатысымдық жаттығулардың лексика, грамматика және айтылым сияқты тілдің басқа аспектілерін дамытуға әсерін зерттеген жөн. Жалпы, қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесін зерттеу қазіргі білім беру үшін маңызды мәнге ие. Ол қатысымдық тәсілді қолданудың тиімділігін растайды және оқытушылар мен білім алушыларға практикалық ұсыныстар береді. Осы саладағы зерттеулерді одан әрі дамыту қазақ тілін оқыту сапасын жақсартуға және білім алушыларды қазіргі қоғамдағы қатысымдық міндеттерге дайындауға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Kurmanova, A.K., Kapantaikyzy, Sh. (2023), The role of communicative exercises in increasing the level of practical knowledge of the kazakh language [Text] //Sh. Ualikhanov atyndagy KU habarshysy. Filologiya seriyasy. – №2. – P. 93-104. <https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp93-104>
- 2 Курманова А.К. (2022), Қатысымдық жаттығулар: зерттеулер мен оқулықтарға талдау [Текст] //Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық сериясы. – №4. – Б. 233-245. <https://doi.org/10.48081/KZWL2389>
- 3 Роджерс К. (2001), Психотерапиядағы клиент-орталықтандырылған тәсіл [Текст] //Психология мәселелері, – №2. – Б. 48-58.
- 4 Luft, J.; Ingham, H. (1955). The Johari Window, a Graphic Model of Interpersonal Awareness. Proceedings of the Western Training Laboratory in Group Development. 246, 2014-03.
- 5 Томас Гордонның тілдесім моделі [Текст] [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.psychologies.ru/psychotherapy/methods/model-obscheniya-tomasa-gordona/> (жүгінген күні: 07.07.2023)
- 6 Вацлавик П. (2000), Тұлғааралық коммуникация психологиясы [Текст] /Пол Вацлавик, Дженет Бивин, Дон Джексон; [Ауд. И. Авидон, П. Румянцева]. – СПб.: Сөйлеу : Гуманитар. акад. – 298 б.
- 7 Пассов Е.И. (1967), Қатысымдық жаттығулар (неміс тілі материалында) [Текст]. – Москва: Ағартушы. – 97 б.

- 8 Скалкин В.Л. (1983), Ағылшын тіліндегі қатысымдық жаттығулар [Текст]. – М. : Ағартушы. – 128 б.
- 9 Рамзина Т.А., Полидва М.А. (1989), Қатысымдық жаттығулар. 3 басылым, өңделген, толықт. [Текст] – М. : Орыс тілі. – 179 б.
- 10 Гез Н. И. (1969), Жаттығулар жүйесі және сөйлеу дағдылары мен қабілеттерін дамыту реттілігі [Текст] // Мектептегі шет тілі. – № 6. – Б. 29-40.
- 11 Кузеева З.С. (2005), Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері: фил. ғыл. докторы дисс. [Текст]. – А.. – 302 б.
- 12 Курманбаева Ш.К. (2012), Қазақ тілін жеделдете оқыту: теориясы мен әдістемесі [Текст]. Монография. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы. – 278 б.
- 13 Naviy, L., Zhussupbekova, G. G., Stukalenko, N. M., Zhakhina, B. B., Baimanova, L. S., Kukubaeva A. K. (2020). Development of communication and speech skills of students in the process of education. Journal Of Intellectual Disability, 8(3), –P. 437-442.
- 14 Murzina, S. A., Stukalenko, N. M., Naviy, L., Zhussupbekova, G. G. (2017). Study of peculiarities of communicative type of teaching. Man In India, 97(23), –P. 409-420.
- 15 Yazıcı, Y., Hayta, P. (2021). An EFL Coursebook Evaluation in terms of Design and Language: Private School Samples in Sinop. Uluslararası Türk Eğitim Bilimleri Dergisi, 16, –P. 17-33.

Материал 10.07.2023 баспаға түсті

Методика применения коммуникативных упражнений при обучении казахскому языку

А. К. Курманова

Еуразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана, 010000,
Республика Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-0795-7035>. E-mail: k_ainash_k@mail.ru

В статье описан реальный опыт использования коммуникативных упражнений в обучении казахскому языку и проанализированы достигнутые результаты. В соответствии с целью и задачами статьи был проведен обзор взглядов и мнений авторов по теме исследования, а также изучены научные труды, основанные на теории. Данная тема рассматривается в тесной связи с одной из актуальных проблем современности – коммуникативной направленности обучения. Коммуникативные упражнения помогают адаптировать изучаемый язык для использования в реальной жизни, формируют языковые навыки, что является важным фактором для развития языкового опыта. В ходе исследования автором применялись методы анкетирования, контроля, тестирования. Метод анкетирования использовался при оценке восприятия обучающимися мотивации, степени уверенности в освоении казахского языка с помощью коммуникативных упражнений. Методом контроля изучено участие студентов в учебном процессе и ход выполнения названных упражнений. Методом тестирования был определен уровень коммуникативной компетентности обучающихся в письме и речи на казахском языке. Автором были использованы следующие учебные материалы: специальные тексты, аудио и видеоматериалы, упражнения и задания, направленные на развитие у обучающихся коммуникативных навыков на казахском языке. В статье представлен результат исследования, подтверждающий эффективность применения коммуникативных упражнений при изучении казахского языка, дана оценка их восприятия и использования. Автором сделан вывод о том, что применение данных упражнений способствует развитию у обучающихся коммуникативных навыков, повышению мотивации, интереса к изучению языка.

Ключевые слова: коммуникативные упражнения, коммуникативная направленность обучение, коммуникативная компетенция, коммуникативные навыки, коммуникативные ситуации.

- 1 Kurmanova A.K., Karantaikyzy Sh. (2023), The role of communicative exercises in increasing the level of practical knowledge of the kazakh language [Text] //Sh. Ualihanov atyndagy KU habarshysy. Filologiya seriyasy. – №2. – P. 93-104. <https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp93-104>
- 2 Курманова А.К. (2022), Коммуникативные упражнения: анализ исследований и учебников [Текст] //Вестник Университета Торайгырова. Педагогическая серия. – №4. – С. 233-245. <https://doi.org/10.48081/KZWL2389>
- 3 Роджерс К. (2001), Клиент-центрированный подход в психотерапии [Текст] //Вопросы психологии, – №2. – С. 48-58.
- 4 Luft, J.; Ingham, H. (1955). The Johari Window, a Graphic Model of Interpersonal Awareness. Proceedings of the Western Training Laboratory in Group Development. 246, 2014-03.
- 5 Модель общения Томаса Гордона [Текст] [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.psychologies.ru/psychotherapy/methods/model-obsheniya-tomasa-gordona/> (дата обращения: 07.07.2023)
- 6 Вацлавик П. (2000), Психология межличностных коммуникаций [Текст] /Пол Вацлавик, Дженет Бивин, Дон Джексон; [Пер. И. Авидон, П. Румянцева]. – СПб.: Речь : Гуманитар. акад. – 298 с.
- 7 Пассов Е.И. (1967), Коммуникативные упражнения (на материале немецкого языка) [Текст]. – Москва: Просвещение. – 97 с.
- 8 Скалкин В.Л. (1983), Коммуникативные упражнения на английском языке [Текст]. – М. : Просвещение. – 128 с.
- 9 Рамзина Т.А., Полидва М.А. (1989), Коммуникативные упражнения. Изд. 3-е, перераб., доп. [Текст] – М. : Русский язык. – 179 с.
- 10 Гез Н. И. (1969), Система упражнений и последовательность развития речевых умений и навыков [Текст] // Иностранные языки в школе. – № 6. – С. 29-40.
- 11 Кузеева З.С. (2005), Лингвистические основы теории учебника казахского языка как второго: дисс. докт. фил. наук [Текст]. – А. – 302 с.
- 12 Курманбаева Ш.К. (2012), Интенсивное обучение казахскому языку: теория и методика [Текст]. Монография. - Усть-Каменогорск: Издательство ВКГУ имени С. Аманжолова. – 278 с.
- 13 Naviy, L., Zhussupbekova, G. G., Stukalenko, N. M., Zhakhina, B. B., Baimanova, L. S., Kukubaeva A. K. (2020). Development of communication and speech skills of students in the process of education. Journal Of Intellectual Disability, 8(3), –P. 437-442.
- 14 Murzina, S. A., Stukalenko, N. M., Naviy, L., Zhussupbekova, G. G. (2017). Study of peculiarities of communicative type of teaching. Man In India, 97(23), –P. 409-420.
- 15 Yazıcı, Y., Hayta, P. (2021). An EFL Coursebook Evaluation in terms of Design and Language: Private School Samples in Sinop. Uluslararası Türk Eğitim Bilimleri Dergisi, 16, –P. 17-33.

Материал поступил в редакцию журнала 10.07.2023

Methods of application of communicative exercises in teaching the kazakh language

A. K. Kurmanova

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

The article describes the real-life experience of using communicative exercises in teaching Kazakh and analyzes the results of the practical study. According to the aim and objectives of the article the author presents the views and opinions of linguists, methodologists on the research topic and scientific works based on the theory. The subject of the given study is considered in close connection with one of the relevant problems – the communicative orientation of education.

Communicative exercises help to form speaking skills, which is an important factor for the development of language experience. During the study the author applied methods of questionnaire, control, and testing. The questionnaire method was used to assess students' perception of motivation, the degree of confidence in mastering the Kazakh language through communicative exercises. The control method was used to study the participation of students in the educational process and the process of performing communicative exercises. The method of testing was used to determine the level of students' communicative competence in writing and speaking in Kazakh.

The author applied the following educational materials: special texts, audio and video materials, exercises and assignments aimed at developing students' communication skills in the Kazakh language. The article presents the result of a study confirming the effectiveness of using communicative exercises in learning the Kazakh language, evaluates students' perception on performing communicative tasks. The author concludes that the use of communicative exercises develops students' communication skills, increases motivation and interest in learning the language.

Key words: communicative exercises, communicative orientation education, communicative competence, communication skills, communicative situations.

REFERENCES

- 1 Kurmanova, A.K., Kapantaikyzy, Sh. (2023), The role of communicative exercises in increasing the level of practical knowledge of the kazakh language [Text] //Sh. Ualihanov atyndagy KU habarshysy. Filologiya seriyasy. – №2. – P. 93-104. <https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp93-104>
- 2 Kurmanova, A.K. (2022), Communicative exercises: analysis of research and textbooks [Text] //Bulletin of Toraigyrov University. Pedagogical series. – No. 4. – P. 233-245. <https://doi.org/10.48081/KZWL2389>
- 3 Rogers, K. (2001), Client-centered approach to psychotherapy [Text] // Questions of Psychology, No. 2. – P. 48-58.
- 4 Luft, J.; Ingham, H. (1955). The Johari Window, a Graphic Model of Interpersonal Awareness. Proceedings of the Western Training Laboratory in Group Development. 246, 2014-03.
- 5 Thomas Gordon's model of communication [Text] [Electrons resource]. – URL: <https://www.psychologies.ru/psychotherapy/methods/model-obscheniya-tomasa-gordona/> (access date: 07/07/2023)
- 6 Watzlawick, P. (2000). Psychology of interpersonal communications [Text] /Paul Watzlawick, Janet Beavin, Don Jackson; [Transl. I. Avidon, P. Romyantseva]. – St. Petersburg: Speech: Humanitarian. acad., Russia.– 298 p.
- 7 Passov, E.I. (1967), Communicative exercises (based on the German language) [Text]. – Moscow: Education, Russia. – 97 p.
- 8 Skalkin, V.L. (1983), Communicative exercises in English [Text]. – M.: Education, Russia. – 128 p.
- 9 Ramsina, T.A., Polidva, M.A. (1989), Communication exercises. Ed. 3rd, revised, additional [Text] – M.: Russian language, Russia.– 179 p.
- 10 Gez, N. I. (1969), System of exercises and sequence of development of speech skills [Text] // Foreign languages at school. – No. 6. – P. 29-40.
- 11 Kuzekova, Z.S. (2005), Linguistic foundations of the theory of the textbook of the Kazakh language as a second language: dissertation. doc. Phil. Sciences [Text]. – A. – 302 p.
- 12 Kurmanbaeva, Sh.K. (2012), Intensive teaching of the Kazakh language: theory and methodology [Text]. Monograph. - Ust-Kamenogorsk: Publishing House of EKSU named after S. Amanzholov. – 278 p.
- 13 Naviy, L., Zhussupbekova, G. G., Stukalenko, N. M., Zhakhina, B. B., Baimanova, L. S., Kukubaeva A. K. (2020). Development of communication and speech skills of students in the process of education. Journal Of Intellectual Disability, 8(3), –P. 437-442.

14 Murzina, S. A., Stukalenko, N. M., Naviy, L., Zhussupbekova, G. G. (2017). Study of peculiarities of communicative type of teaching. *Man In India*, 97(23), –P. 409-420.

15 Yazıcı, Y., Hayta, P. (2021). An EFL Coursebook Evaluation in terms of Design and Language: Private School Samples in Sinop. *Uluslararası Türk Eğitim Bilimleri Dergisi*, 16, –P. 17-33.

Received: 10.07.2023

MPHTI 06.81.23

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss4pp190-199](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss4pp190-199)

O.J. Chernigovtseva¹, E.F. Gerfanova², G.M. Rakisheva¹, D.S. Sabitova¹

¹Sh.Ualikhanov Kokshetau University, 020000, Kokshetau, Republic of Kazakhstan

²Astana IT University, 010000, Astana, Republic of Kazakhstan

STEAM AS AN EFFECTIVE TECHNOLOGY FOR TEACHING ENGLISH IN SMALL RURAL SCHOOLS

The research analyses the problem of teaching English in small rural schools. The article discusses the implementation of STEAM technology in small rural schools as an effective tool for engaging learners of different levels into a shared educational environment. The research discusses the importance of formation of new key skills in learning. The technology includes multicultural arts-based learning strategies and techniques across educational levels and disciplines. The study discusses the implementation of STEAM in teaching the English language in particular.

In this perspective, this article highlights art-based learning as an effective teaching approach in science, technology, engineering, arts, and mathematics (STEAM) to achieve school students' success in STEAM-based education at the secondary education level. The article suggests analysis of literature and discusses basic provisions on small rural schools of Kazakhstan. The research gives examples of the experience of teachers working at small rural schools and suggests ways of improving the current academic performance.

Key words: Arts-based learning, multicultural learning, education, STEAM education, small rural school.

MAIN PROVISIONS

One of the main goals of educational reforms in Kazakhstan is to adapt the education system to the new socio-economic environment. Upbringing of the younger generation is one of the most important tasks of any society as the success of a nation depends on the level of education. A well-structured educational system increases the quality of knowledge, instills the right values, and develops skills necessary for being a successful and useful member of the society. The government of Kazakhstan makes significant efforts to improve the level of knowledge of the new generation in order to develop their ability to quickly adapt to the changing world.

Positive changes at all the levels of educational system in Kazakhstan have already been made. And, secondary education being an integral part of the system should be subject to changes first of all as it forms the basis for obtaining professional and higher education. The results of studying at school determine the level of qualification and professional future of a personality. This is why before turning to professional development of higher quality it is important to discuss and improve the knowledge and skills received at the basic level.

Besides this, in the context of global scientific and technological progress, the government of Kazakhstan considers the importance of paying special attention to the development of teaching science, mathematics and the English language [1]. The rationality and relevance of training programs in this regard as well as the priority of the subjects has already been assessed and adapted at the level